

Келісілді
Абай ат. ММИ қамқоршылық
кеңесінің төрағасы
С.А. Тембаев

«29» 08 2024 жыл



Бекітемін
Абай ат. ММИ
директоры
Д.О. Капарова
«29» 08 2024 жыл

**Ұлытау облысы білім басқармасының
«Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ-нің
2024-2029 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Жезқазған - 2024

Даму бағдарламасының мазмұны

Кіріспе

I Бөлім. Бағдарламаның төлқұжаты

II Бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

- 2.1. Мектеп жұмысының қазіргі жағдайының қысқаша сипаттамасы
- 2.2. SWOT талдау.

III Бөлім. Бағдарламаның миссиясы және пайымы

- 3.1. Мектеп жұмысының басым бағыттары
- 3.2. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

IV Бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

- 4.1. Нысаналы индикаторлардың көрсеткіштері мен күтілетін нәтижелері
- 4.2. Мектеп-интернатының инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу

V Бөлім. Іс-шаралар жоспары

I Бағдарламаның төлқұжаты

Бағдарламаның атауы	Білім беру ұйымын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасының атауы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы ; - Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы; - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы; - «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығы; - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. № 68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); - «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); -«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі,

	қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы (өзгерістерімен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығы); -«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. № 415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); -ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл 19 қыркүйек №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» -Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.
Бағдарламаны әзірлеуші	Ұлытау облысы білім басқарамасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ шығармашылық тобы: Капарова Динара Онгонисовна – директор; Сейтмаганбетова Галия Омарғалиевна – директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары; Калиханова Шолпан Масхутхановна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; Жантенова Акмарал Алимсейтовна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; Конысбаева Рая Даулетовна – математика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы; Ораз Абай Амангелдіұлы-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, филология ғылымдарының магистрі; Акшалова Жанат Аманбековна - тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Мақсаты: мектеп оқушыларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту. Міндеттері: - педагогтерге қолдау көрсету, кәсіби өсулеріне жағдай жасау, ынталандыру жұмыстарын жүргізу; - педагогтердің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру; - оқушылардың сапалы білім алуына, ғылыми жұмыстар мен олимпиадаларға қатысуына ықпал ету; - оқушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету

	мақсатында шығармашылық байқауларға қатыстыру, қосымша білім беруді жүйелі түрде жүргізу; - үздік тәжірибелерді мектептің оқу үрдісіне енгізу; - мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту; - мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты жетілдіру, ынтымақтастық атмосферасын орнату; - педагогтер мен оқушылардың ақпараттық, цифрлық сауаттылықтарын арттыру. - мұғалімдердің авторлық әзірлемелерін жинақталып, әзірлеу; - оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету. - түлектер қауымдастығын ұйымдастыру.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2024-2029 жылдар Дамыту бағдарламасы екі кезеңде іске асырылатын болады: бірінші кезең: 2024 – 2026 жылдар; екінші кезең: 2027 – 2029 жылдар
Қаржыландыру кезеңдері	Облыстық бюджеттен қаржыландыру білім беру жүйелерін дамытуға тиісті облыстық бюджеттерден жыл сайын бөлінетін қаражат шегінде жүзеге асырылатын болады және ҚР заңдарында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері қарастырылады.

II Бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

2.1. Мектеп-интернаты жұмысының қазіргі жағдайының қысқаша сипаттамасы

Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2017 жылдың 17 шілдедегі Қарағанды облысы әкімдігінің Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» №43/03 қаулысымен Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып құрылды.

Мекеме қызметін 2017 жылы 01 қыркүйегінен бастады. 27.11.2020 жылғы Жезқазған қаласының әкімдігінің №44/05 қаулысы негізінде «Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ 04.01.2021 жылы Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, 43Д мекенжайындағы жаңа ғимаратқа орналасты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы «Қарағанды облысының бірқатар білім беру ұйымдарына атау беру және атауын өзгерту туралы» № 890 қаулысы негізінде білім беру ұйымы 29.04.2021 жылы «Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ болып өзгертілді.

Мемлекеттік мекеме 2022 жылдың 10 тамыздағы Ұлытау облысы әкімдігінің «Ұлытау облысы білім беру ұйымдарын қайта атау туралы» №08/04 қаулысымен Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

2018 жылы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының желісіне және 2020 жылы Республикалық «Абай желілік мектептері» құрамына енгізілді.

Мектептің жобалық қуаты 900 оқушыға арналған. Оқытылу тілі - қазақ тілі. Мектеп 1 аусымда жұмыс жүргізеді. Қазіргі уақытта мектепте білім алушылардың жалпы саны – 599 оқушыны құрайды. Сыныптар саны – 27 (5-11 сынып). Оқушылардың орташа жинақталуы – 25.

Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бейінін бөле отырып, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру арқылы негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру болып табылады. Бейіндік пәндер - қазақ тілі мен қазақ әдебиеті.

Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаттары:

- дарынды балаларды анықтау және дамыту, оларды оқу-зерттеушілік, ғылыми-жұмысқа баулу;
- ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- елдің зияткерлік әлеуетін сақтау және көбейту;

- оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- оқуда инновациялық тәсілдерді пайдалану, жеке қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін және оқушының белсенді өмірлік ұстанымын дамыту негізінде болашақ ұлттық элитаны дайындау;
- әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауға қабілетті, өз халқының тарихы мен дәстүрлерін білетін, бірнеше тілді меңгерген, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын көпмәдениетті тұлғаны дамыту.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ұлытау облысы бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 18.01.2023 жылы білім беруге рұқсат берілген лицензиясы - №KZ96LAA00033199. Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісі бар. 300 орындық мектеп асханасы толық жабдықталып, жұмыс жүргізілуде. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті " мемлекеттік мекемесі 18.01.2023 жылы медициналық қызметке рұқсат берілген лицензиясы №23001579. 12.03.2021 жылғы № М.12.X.KZ80VWF00038100 санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қорытындысы алынды.

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтерге тоқталсақ, мектеп 900 орындық, 3 қабатты типтік жобадан салынған, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы 43Д. Мектеп ғимараты 2021 жылы іске қосылған. Материалдық- қаржылық активтері бар, мемлекеттік меншік. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған, кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, сыртқы кіре беріс баспалдақтары пандустармен, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықталған, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояған. Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде 321 компьютерлермен, 4 оқу зертханалармен, 1 акт залмен, 1 спорт залмен қамтамасыз етілген, әлеуметтік-тұрмыстық, оның ішінде өткізу пункттері, санитариялық тораптар (унитаздар-79, қол жуғыштар-132) бейнебақылау-67 (ішкі-50, сыртқы-17) бар. Ғимараттың жалпы ауданы 11731 ш.м. Кітапхана (72,2 ш.м) 3-қабатта орналасқан, 2022 жылы толықтай жаңартылды. Кітап қоры-20574 , оқу пәні бойынша -19425 , оқу әдебиеттері -1149, әдістемелер – 62.

1. Кадрлардың сапалық және сандық құрамы

Мектептің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы жоғары дәрежелі педагог мамандарсыз мүмкін емес, сондықтан да педагогтармен ұйымдастырылатын жұмыстар инновацияларды нәтижелі енгізудің негізгі шарттардың бірі болып саналады. Ұжымның біліктілігімен қатар жоғары шығармашылық потенциалы-инновацияларды нәтижелі енгізу мен қолданудың негізгі шарты. Мектептегі педагогикалық ұжыммен жұмыстың басты міндеті:

- кадрларды іріктеу, міндеттерін белгілеу;
- ұжым арасында әлеуметтік-психологиялық ахуал тудыру, талдау;
- мұғалімдердің іс-әрекетерін нәтижеге бағыттап, ұйымдастыру және дамуына ықпал ету;
- кәсіби деңгейінің өсуіне жағдай жасау;

Мектепте 2021-2022о.ж.- 47, 2022-2023 о.ж.- 52 мұғалім, қызмет етті. 2023-2024 о.ж.- 55 мұғалім қызмет етуде, оның ішінде 53-і (98,1%) жоғары білімді мамандар, 2-і (8%) арнай-орта білімді. Магистранттар – 10 мұғалім (18,18%).

Жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін өзіндік педагогикалық стилі, әдістері мен құралдары қалыптасқан мұғалімдер ұжымы қалыптасқан.

Оқу жылдары	Педагогтер саны	Жас шамасы				
		30 жасқа дейінгі	31-45 жас	45-60 жас	60 жастан жоғары	Орташа жас мөлшері
2021-2022	47	22 (46,8%)	11 (23,4%)	13 (27,6%)	1 (2,2%)	35 жас
2022-2023	52	22 (42,30%)	21 (40,38%)	15 (28,84%)	2 (3,84%)	35 жас
2023-2024	55	19 (34,54%)	21(38,18%)	11(20%)	2(3,63%)	35 жас

Педагог кадрлардың басым бөлігі – жастар мен орта жастағылар.

Педагогтерді жұмыс өтілі бойынша салыстырмалы көрсеткіш

Оқу жылы	Барлық мұғалім саны	Педагогтердің еңбек өтілі								
		3 жылға дейін	4-8	9-15	16-20	21-25	26-30	31-35	36-40	40 жылдан жоғары
2023-2024	55	16	12	5	5	4	4	4	2	1
2022-2023	52	0	12	5	13	2	1	1	18	0
2021-2022	47	0	10	3	14	5	3	1	11	0

Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша салыстырмалы көрсеткіш

Оқу жылы	Барлық мұғалім саны	Санаты бойынша								Сапа%
		Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	I санат	II санат	Педагог (санатсыз)	
2023-2024	55	0	10	7	13	2	0	0	23	34,54 %
2022-2023	52	0	11	4	14	2	2	1	18	38,46%
2021-2022	47	0	10	3	14	5	3	1	11	45%

2023-2024 оқу жылы бойынша 1 жылдан 3 жылға дейін еңбек өтілі бар 9 жас маман жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылында жоғары оқуын бітірген, еңбек өтілін жаңа бастаған 3 мұғалімге педагог- зерттеушілерден тәлімгерлер бекітілді.

Педагогтердің білім деңгейлері бойынша салыстырмалы көрсеткіш

Оқу	Барлық мұғалім	Білімі
-----	----------------	--------

жылдары	саны	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімі бар	жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура)	Педагогикалық мамандығы сәйкес емес
2023-2024	55	53	2	10	жоқ
2022-2023	52	53	1	5	жоқ
2021-2022	47	46	1	2	жоқ

Әдістемелік жұмыс пен мектеп әкімшілігінің маңызды бағыты - мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру, мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру және оларды аттестаттауға ынталандыру.

Біліктілік курстарынан өткен мұғалімдер саны:

2021-2022	2022-2023	2023-2024 жж
19	18	19
		Оның ішінде «Өрлеу» - 18, ПШО -1

Тренерлер - 9 %, Басшылар мен орынбасарлар курстары -83,3 %, АКТ курстары- 78,3 %, Біліктілік арттыру курстары- 96,2 %.

Мұғалімдердің тәжірибелерінің таратылуы: 2023 жылы орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалім А.А. Жантенова Республика көлемінде «Продуктивное чтение невербальных текстов» атты өзінің авторлық жұмысын қорғап, III орынды иеленсе, информатика пәні мұғалімі К.Ж.Утенова сертификат иеленді. Қалалық басылымдарда 3 мұғалім, Республикалық басылымдарда 23 мұғалім тәжірибесі газет, журналдарға мен әртүрлі білім сайттарына таратылды.

Соңғы 3 жылдағы кәсіби байқауларға қатысқан педагогтер көрсеткіші: облыстық “Жыл мұғалімі-2021” байқауының Гран При иегері, «Үздік педагог-2022» республикалық байқауының жеңімпазы Д.Капарова, спорт шеберлері Г.Ахметова, Ә.Кожабеков, Қазақстан дизайнерлер одағының мүшелері А.Ташимова, Қ.Ғайнетден, «Үздік курс жетекшісі – 2022» облыстық байқауының II орын жүлдегері Г.Сейтмаганбетова, «Үздік психолог-2023» байқауының жеңімпазы А.Жетібаева, «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық байқауының жеңімпазы А.Жантенова, «Үздік жас маман – 2023» облыстық байқауының жеңімпазы А.Бақтыбайқызы, «Үздік дене шынықтыру пән мұғалімі» облыстық байқауының III орын жеңімпазы А.Сагинаев т.б. Сондай-ақ, мектеп командасы екі жыл қатарынан «Шабал оқулары» облыстық байқауының жеңімпазы атанды.

Мектепте кәсіби бағыт бағдар беру жұмысын жандандыру және оңалту мақсатында жоғары оқу орны мен орта оқу орындары арасындағы бірлескен жобалар жүзеге асырылуда. Соның бір үлгісі ретінде «Мектеп-ЖОО-колледж» жобасының жемісті серіктестігін атауға болады. Бұл жобаны іске асыру мақсатында мектеп әкімшілігі 2020 жылдан бастап Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетімен білім беру жүйесін жетілдіруге және дамытуда ынтымақтастықпен жұмыс жасау туралы, сонымен қатар Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетімен дуалды оқытуды жүргізу және ұйымдастыру туралы (03.05.2024ж), Жезқазған жоғары политехникалық колледжбен (01.09.2023жылдан бастап), Жезқазған музыка колледжімен (01.09.2023 бастап), Жезқазған тарихи-археологиялық музейі көрме залымен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылып, жұмыс жүргізілуде. Келісілген шартқа сай Университеттің, музейдің, колледждердің оқытушылық құрамы эксперттік жұмыстарға талдау жасауға, пәндік олимпиадалар өткізуге,

көмекші құралдарды, оқу бағдарламаларын, оқушылардың ғылыми жобаларын рецензиялауға қатысады. Оқу-тәрбие үрдісі саласында ғылыми-әдістемелік көмек көрсетіледі, кәсіби бағдар жұмысы іске асырылады. 2022 жылдан бастап мектеп «Ұстаз-Ұлытау» педагогтерді трансформациялау орталығымен меморандумға отырып бүгінгі күні өзара ынтымақтастықпен жұмысты жалғастыруда. «Ұстаз-Ұлытау» педагогтерді трансформациялау орталығы 9-11 сынып оқушыларымен жұмыстар жүргізді. Әр тоқсан сайын курстар ұйымдастырылып осы курстарда жалпы кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу таныстырылды. Сонымен қатар, 11-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен 10-11 сыныптар үшін «Кәсіби бағдар» клубы жұмыс жасады.

Мұғалімдердің біліктілігін көтеру жүйесі төмендегі деңгейлер бойынша жүргізілді:

1-деңгей - Жас мамандар мектебі;

2-деңгей - мұғалімдердің өзіндік білім жетілдірулері және біліктілік санаттары көтерулері (МӘК, шығармашылық топтар)

3-деңгей - облыстық әдістемелік кабинет, ЖОО-мен байланыс (дидактикалық іс-шаралар)

4-деңгей - «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы, ПШО (ғылыми-практикалық семинар, педагогикалық-психологиялық семинар-тренингтер, педагогикалық оқулар)

Мектебіміздің оқу процесіне келетін болсақ, мектеп төмендегі режиммен жұмыс істейді: 5–11 сыныптар – 5 күндік жұмыс аптасы.

Мақсаты: оқушылардың білім сапасын арттыру, қауіпсіз орта қалыптастыру.

Міндеттері: - оқушылардың білім сапасы туралы ақпарат алу тәсілдерін іріктеуді және жобалауды жүзеге асыру;

- оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін қалыптастыру бойынша әдістемелік жүйе құру;

- тиімді педагогикалық технологияларды енгізуді жалғастыру;


- оқушылардың ата-аналарын өз балаларының үлгеріміне бақылауды жандандыру;

- дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың мотивациясын арттыру;

Мектеп бойынша соңғы 3 оқу жылының оқушы қозғалысын салыстыруды келесі кестеден көруге болады:

3 жылдағы мектепке оқушылардың түсуі

Жыл	Үміткерлер саны	Конкурс қорытындысы бойынша ММИ түскендер	Берілген квота
2023	150	75	75
2022	182	101	100
2021	148	100	100



3 жылдағы мектеп оқушыларының құрамы

Оқу жылы	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып	Жалпы оқушы саны	Ауылдық жерден %
2021-2022	97	95	95	100	95	48		530	4,9%
2022-2023	96	89	92	96	95	81	44	593	5,2%
2023-2024	72	82	91	90	90	91	83	599	6 %

Берілген кестелерге сәйкес талдау жасайтын болсақ, оқушылар контингентінің артуына байланысты сынып-жиынтықтардың тұрақты өсуі байқалады.


Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 24.06.2020ж № 264 бұйрығымен) II бөлімнің 15-45 тармақтарына сәйкес мектеп жыл сайын конкурстық негізде оқушыларды қабылдау жүзеге асырып, сыныптар жасақталады.

1-2 кестеден оқушылар мен сыныптардың жасақталу санының артуы байқалады және ауылдан келген балалардың жалпы контингенті соңғы үш жылда 1,1%-ға өсіп отыр. 6-сыныптан кейін озат оқушылардың НЗМ, БИЛ білім беру ұйымдарына кетуі оқушы санының құрамына әсер етуде.

Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ-сі – зиялы тұлғаны дамытуға, ғылым негіздерін, мәдениет, өнер және тілдерді тереңдетіп оқыту мен білім беруге бағытталған жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын және мамандандырылған вариативтік оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына (өзгерістерімен және толықтыруларымен Қазақстан Республикасы оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы) сәйкес оқу пәндерінің меңгерілуінің орындалысын бақылау мақсатында жылдық қорытынды бойынша сыныптардың оқу үлгерімі мен сапасына, әр пәннің оқытылу сапасына мониторинг жүргізіліп, қорытындысы шығарылды. Мониторинг нәтижесінде оқу үлгерімі мен білім сапасы соңғы 3 жыл бойынша сыныптар арасындағы білім сапасы мен үлгеріміне диагностика жүргізу барысында төмендегідей нәтиже анықталды:

Сыныптар бойынша білім алушылардың білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Оқыту кезеңдері	Оқушы саны	2021-2022 оқу жылы			Оқушы саны	2021-2022 оқу жылы			Оқушы саны	2023-2024 оқу жылы		
		оқу озаты	екпінді	Білім сапасы		оқу озаты	екпінді	Білім сапасы		оқу озаты	екпінді	Білім сапасы
5 сыныптар	97	27	49	78,35%	96	26	61	90,63%	72	72	41	90,2%
6 сыныптар	95	20	57	81,05%	89	23	47	78,65%	82	82	52	86,5%
7 сыныптар	95	25	58	87,37%	92	15	68	90%	91	91	55	76,9%
8 сыныптар	100	10	59	69%	96	24	54	81,25%	90	90	54	80%
9 сыныптар	95	17	58	78,95%	95	12	62	77,89%	90	90	55	83,3%
10 сыныптар	48	6	38	91,67%	81	18	44	76,54%	91	91	60	76,9%
11 сыныптар					44	4	37	93,18%	83	83	60	98,7%
5-11 сынып	530	105	319	80%	593	122	373	83,4%	599	128	377	84,3%



Берілген кестеге сәйкес талдау жасайтын болсақ, мамандандырылған мектеп-интернаты оқушыларының білім сапасының тұрақты өсуі байқалады. 2020 – 2023 жылдар аралығындағы сапа мен үлгерімнің орташа көрсеткіштерін талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады: мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылы үлгерім көрсеткіштері - 100%, білім сапасы 80%, 2022-2023 оқу жылының үлгерім көрсеткіштері - 100%, білім сапасы – 83,4 % құрайды, +3,4% өсу динамикасы байқалса, 2023-2024 оқу жылында 84,3% құрайды, өсу динамикасы 0,9%. Жалпы мектеп бойынша соңғы жылдары оқу озаттары және оқу екпінділерінің саны артуда. Білім сапасының өсу динамикасы барлық сыныптарда байқалады.

2021-2024 оқу жылдарындағы үздіктер

Оқу жылдары	Үздіктер саны	Динамика өсу, кему, %
2021-2022	104	+12% өсу
2022-2023	121	+17% өсу
2023-2024	118	- 3% кему

2021-2022 оқу жылында 104 үздік оқушы (+12% өсу) болды, 2022-2023 оқу жылында 121 үздік оқушы (+17 өсу), 2023-2024 жылында 118 үздік оқушы (- 3% кему) динамикасы байқалды. Кему динамикасының байқалуы - бала санының артуына байланысты.

Оқу жылдары	Негізгі орта білім «Үздік аттестат»	Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі»	Жалпы орта білім туралы «Үздік аттестат»
2021-2022	5	0	0
2022-2023	17	3	1

2023-2024	10 (үміткер)	5 (үміткер)	15
-----------	--------------	-------------	----

Жекелеген пәндер бойынша соңғы 3 жылдың білім сапасына талдау жасайтын болсақ, 2023-2024 оқу жылында 2022-2023, 2021-2022 оқу жылдарымен салыстырғанда жекеленген пәндер бойынша жылдық білім сапа жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты толық меңгерілді.

Кейбір сыныптарда білім сапасының кему себептері:

- 6-сыныптан кейін балалардың НЗМ, БИЛ мектептеріне түсуі;
- бала санының жыл сайын артуы (2021-2022 оқу жылында +88-ге, 2022-2023 оқу жылында +63-ке, 2023-2024 оқу жылында +6 ға);
- пән мұғалімдерінің ауысуы.

Білім сапасын көтеру мақсатында ұсынымдар:

- * білім алушының зияткерлік, рухани – адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;
- * 10- сынып оқушылармен іс-әрекетте жұмысты қабілеттеріне қарай бейіні бойынша дамытуға бағыттау;
- * терең ғылыми білімді қалыптастыру бағытында жалпы және арнайы қабілеттерін диагностикадан өткізу арқылы оқуға деген ынтасын арттыру;
- * дарынды оқушыларды дамытуға жағдай жасау;
- * оқушы контингентін көтеру, оқушыларды тұрақтандыру;
- * оқыту сапасын арттыру үшін оқу жетістіктерін, оқушыларды бақылау нәтижелерін сараптау;
- * облыстық, республикалық пәндер олимпиадасына оқушыларды жұмылдыру;
- * Халықаралық деңгейдегі қашықтықтан өтетін пәндер олимпиадасына мектеп оқушыларын қатыстыру, ғылыми жұмысқа ынталандыру;
- * оқушыларға дұрыс кәсіби бағдар беру;
- * бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау бойынша қорытынды талдау;
- * сапалы қосымша білім алуға қол жеткізуді арттыру;

Күтілетін нәтиже:

- * оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша жеке жұмыс жоспары құрылады және жеке даму траекториясы жасалады;
- * облыстық, республикалық олимпиадалардан жүлдегер санын көтеріледі;
- * республикалық, облыстық конференцияларға, байқауларға қатысқан оқушылардың үлесі артады;
- * Жоба жүлдегерлерінің үлес салмағы көбейеді;
- * оқушылардың оқу нәтижелерін талдау құралдарын пайдаланып отырып, кәсіби қызметті жақсарту үшін мұғалімнің рефлексивті дағдыларын дамытады;
- * оқушылардың қалауы бойынша таңдауға мүмкіндік береді.
- * оқытуда сабақты жоспарлау және тапсырмаларды қою кезінде құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруды үйренеді;
- * сабақтың мақсат жүйесіне дарынды оқушылармен және үлгерімі төмен оқушылармен түзету жұмыстарын жоспарлап қосу керек.

Оқушылардың қауіпсіз, жайлы ортасын қалыптастыру бағытында комфорттық зоналар жабдықталған. Ата-ана мен мектеп арасында да тығыз байланыс орнатылған. Атап айтсақ, «Әкелер кеңесі», «Cooking club», «Әке, шеше және мен», «Отбаслық қолөнер шеберлік сағаты», «Әжем және мен» және т.б. шаралар өз нәтижесін беруде.


Мектебіміздегі тәрбиенің басты мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы азаматты тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы тәрбие құндылықтарына негізделген жұмыстар жолға қойылып келеді. «Туған елге тағзым», «Оқуға құштар мектеп», «Ата-ана, ұстаз және оқушы үштігі», «Қолданбалы экология», «Адалдық алаңы», «Дамытушы сұхбат», «JasStar» дебат клубы, «Қамқоршылық кеңесі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» жобалары іске асырылады. Мектептегі «Өзін - өзі басқару» ұйымының жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

Оқушылардың жетістіктері

Дарындылық - өмір сүру барысында жүйелі дамитын психика сапасы. Мектеп мұғалімдері алдында оқушылардың білім сапасын көтеріп қана қоймай, оқушылармен сабақ барысында жеке жұмыс жүргізудің ерекшеліктерін пайдалана отырып, қабілетті балалармен жұмыста жоғары көрсеткіштерге жетуге ұмтылу міндеті тұр. Сонымен қатар қабілетті оқушылармен жұмыс ұйымдастырудың нәтижелі жолдарын іздестіре отырып, әр мұғалім өз пәнін мемлекеттік стандарт көлемінен артық білуі, ерекше қабілетті оқушыларға шығармашылық ізденіске және зерттеуге есептер мен тапсырмалар таңдай білуі, оқушылармен қарым-қатынасты психологиялық түрде сауатты құра білуі және оқытудың нәтижесін бағалай білуі, қорытынды жасау, қорытындыға сәйкес шешім шығара білуі керек.

«Зияткер» дарынды және қабілеті жоғары оқушылар клубындағы оқушылар саны жылдан-жылға артуда

Оқу жылы	Саны
2021-2022 ж	254
2022-2023 ж	361
2023-2024 ж	374



Соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша оқушылар желілік, республикалық және халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен ғылыми жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға дайындықтың мақсаты: ғылыми білімді насихаттау, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, облыстық, республикалық олимпиадаға оқушыларды дайындау және дарынды оқушыларға қажетті жағдай жасау.

Олимпиадалар қорытындысы (5-11 сыныптар)

сыныптар	Мектепшілік олимпиада					
	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер
5-6 сынып	112	54	<u>112</u>	<u>54</u>	120	56
7-8 сынып	0	0	126	62	131	64
9-11сынып	142	69	123	106	123	106
сыныптар	Облыстық олимпиада					
	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер
5-6 сынып	12	7	<u>12</u>	<u>7</u>	14	3
7-8 сынып	0	0	12	4	19	7
9-11сынып	24	8	83	59	89	30
сыныптар	Республикалық олимпиада					
	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер
5-6 сынып	0	0	0	0	0	0
7-8 сынып	0	0	2	1	0	0
9-11сынып	0	0	13	7	8	3
сыныптар	Облыстық зерттеу жұмыстар (Зерде, ғылыми жоба)					
	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер
5-7 сынып	19	3	10	6	15	10
8-11сынып	19	3	27	12	5	2
сыныптар	Республикалық зерттеу жұмыстар (Зерде, ғылыми жоба)					
	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер	қатысқандар	жүлдегерлер

5-7 сынып	0	0	0	0	3	1 орын 1 Диплом
8-11 сынып	0	0	0	0	0	0

Қорытынды. Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өзін-өзі дамыта алатын зияткер тұлға даярлау миссиясын жүзеге асыратын мектептің жеңісі аз емес. Атап айтар болсақ, 2022-2023 оқу жылы оқушыларымыз пән олимпиадасының облыстық кезеңінде 39 орын, республикалық кезеңінде 8 орын иеленіп, республикалық олимпиадалық 100 үздік мектептің 39-орнында болып, 2023-2024 оқу жылында да республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңінде 41 орын, республикалық кезеңінде 3 орын иеленіп, республикалық олимпиадалық 100 үздік мектептің 76-орнын иелендік.

Сонымен қатар, соңғы үш жылда республикалық зияткерлік пән олимпиадаларының, оқушылардың зерттеу жұмыстарының (Зерде, ғылыми жоба), шығармашылық байқаулардың жеңімпаздар саны артты.

Зияткерлік пән олимпиадасы - 117

Зерттеу жұмыстар – 21

Шығармашылық байқау – 70

Спорттық жарыстар – 13

Ең үлкен жеңістеріміздің бірі - мектебіміздің оқушысы Таева Аяулым республикалық «Жыл оқушысы» байқауының жеңімпазы атанды. Дарынды оқушымыз Әбдіқадыров Жанкелді де - мектеп мақтанышы. Жанкелді - республикалық пән олимпиадасының күміс, қола медаль иегері, ҚБО олимпиадасының I орын иегері және ғылыми жоба байқауларының жеңімпазы. Сонымен қатар мектеп командасы «Абай тренд» Жайдарман ойындарының республикалық кезеңінің белсенді қатысушысы.

Облыстық олипиадаға жыл сайын 11 пән бойынша барлығы орта есеппен 50-80 оқушы қатысады. 2023-2024 оқу жылында облыстық олимпиаданың қорытындысы бойынша 5-11 сыныптың 40 оқушы жүлделі орындарға және мақтау грамоталарына ие болды. Бірақ биылғы оқу жылында 9-11 сыныптар арасындағы облыстық олимпиададан 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда төмендегеніміз көрінеді.

Себептері:

1. Математика, химия, физика пәндеріндегі дайындықтардың жеткіліксіздігі олимпиаданың республикалық кезеңге шығуына мүмкіндік бермеуі (жүлдегерлер санының аздығы).

2. Ғылыми жобаларға дайындықтың жүйелі жолға қойылмауы (қатысушылар санының аздығы).

3. Әр оқу жылында пән мұғалімдердің жиі ауысуына орай оқушылармен жүргізілетін ғылыми жобалардың аяқталмай қалуы.


Қосымша білім беруді енгізу бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

Шығармашылық пен зерттеушілік қызметінің негіздері оқушының шығармашылық пен зерттеушілік қызметін дамыту үшін, сабақтан тыс жұмыстарға көзделген. Осыған орай, оқушылардың факультатив пәндерге деген жоғарғы қызығушылығын қалыптастырып, олардың білімдерін тереңдету және кеңейту мақсатында балаларды оқыту әдеттегідей педагогтердің өздері әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем-эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары

бойынша қамтамасыз етіледі. Мектеп бойынша жалпы таңдау курстары мен үйірмелерге оқушылардың қатысу деңгейі орташа есеппен 100% құрады.

Вариативтік компонент

Таңдау, элективті курстар	Оқушылардың шығармашылық және зерттеу жұмыстарын дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыс (үйірмелер, спорт секциялары)	Келісім негізіндегі курстар мен лекциялар
Жаһандық құзыреттілік	Абай шығармаларындағы табиғат пен рух экологиясы	Математикалық есептеулер
Ағылшын тілі	Сахна әлемі	Прогрессия
Информатика	Ділмар	Архитектурадағы математика
Математика	«Hi-tech» шеберлер үйірмесі	Физика және экология
Физика	Эссе жазу	Физика және астрономия
Биология	Cooking club	Физика болашақ мамандықта
Химия	«Әсем әуен» ән-хор үйірмесі	Экология және қоршаған орта
География	ART-студия	Биоэкология
Алгебра	«Ұлытау» оркестр үйірмесі	Қолданбалы экономика және кәсіпкерлік
Дүниежүзі тарихы	Жас сәулетші	Практикалық экономика
	Математикалық сауаттылық	Бизнеске бағыт
	Жас математиктер	Химия және қоршаған орта
	Далалық оқу жиыны	Химия және денсаулық
	«JasStar» дебат клубы	
	«Өркен-media» журналистика үйірмесі	
	Шахмат	
	Волейбол	
	Тоғызқұмалақ	
	Баскетбол	



Білім алушылардың үйірме қызметімен жұмыспен қамту бағыты бойынша үйірмелер мен секциялар желісі үш бағыт бойынша жұмыс істейді: көркем-эстетикалық, дене шынықтыру-спорттық, зияткерлік-танымдық. Әр түрлі нысандағы үйірмелер, секцияларға орта есеппен 3 жыл ішінде оқушылардың 100% - ы қатысты. Спорт секцияларға оқушылардың 89%, көркемдік-эстетикалық бағытта - 70%. Ал зияткерлік-танымдық бағыттағы үйірме, спорт секцияларға мектептің барлық оқушылары қамтылды (жаратылыстану сауаттылығы бойынша сабақтар – 63%, Өркен-медиа –52 %, GreenLab (5-11 сыныптар) – 65%, ART-студия (5-10 сынып) қатысады)– 62%, дебат клубында (7-10 сынып) - 48%, шахмат, тоғызқұмалақ (5-11 сынып) - 54%.

2.2. SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары:
-педагогтің өзін-өзі дамытуға, біліктілігін жетілдіруге жағымды ортаның болуы; -ММИ жұмысын цифрландыру жұмыстарының жүргізілуі; - дарынды оқушыларды дамыту жұмысының жүйелі жүргізілуі, нәтижелілігі, жетістікке жетуі (облыс пен республикалық пән олимпиадасына, зияткерлік марафондарға, жобаларға қатысулары, жүлделі орындар санының артуы); -педагог мамандардың озық тәжірибе алмасуына қолайлы ортаның болуы; - білім сапасының тұрақты өсуі; -мектептің қолайлы ортасы және ынтымақтастық мәдениеті; - Ата-ана-Мектеп-Оқушы “Үштік қоғамының” белсенді қарым-қатынасы; - кәсіби желілік қауымдастықтардың ынтымақтастығы арқылы тәжірибені тарату; - мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалардың атқарылуы; - облыс пен республикалық деңгейде өтілетін педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысушылар санының артуы;	- оқыту сапасындағы ауытқу себептерін анықтауда мектепшілік бақылаудың әлсіздігі; - педагогтердің оқушыларды ғылыми жобаларға, олимпиадаларға дайындау тәжірибесінің жеткіліксіздігі ; - оқушылардың дарындылығын дамыту үшін сараланған тәсілді жеткіліксіз іске асыру; - педагогтердің шығармашылық жобалар құруға ұмтылысының төмендігі; - өздігінен білім көтеру тақырыптарымен жұмыс жасаудағы іскерліктің әлсіздігі; - кәсіби байқауларға қатысу, үздік тәжірибе алмасу, авторлық бағдарлама шығару төмендігі; - мектептің алқалы басқару органдарына ата-аналарды тартудың төмен деңгейі; - педагогтердің сапалық құрамының жеткіліксіздігі, тұрақсыздығы 36,8% (болу керек 45%); - оқушы контингентінің төмендеуі; - лабораториялық оқу кабинеттері жабдықталуының төмендігі; - озат тәжірибе тарату бойынша БАҚ-пен жұмыстың төмендігі;

- сапалы тәрбие жұмыстары; - мектептен тыс қосымша білім беру арқылы оқушылардың жан-жақты дамуы үшін мүмкіндіктердің жасалуы (таңдау, элективті курстар, үйірмелер, қосымша сабақтардың қолжетімділігі, көп мөлшерлілігі), оқушыларды қамтамасыз ету 100%; - қауіпсіз ортаның қалыптасуы; - ұжымдағы қолайлы әлеуметтік ахуал.	- Кәсіби бағдар беру жұмысының жүйелі жүргізілмеуі, кабинеттің жабдықталмауы; - оқушылардың әлеуметтік жобаларға қатысу деңгейінің төмендігі; - оқушылардың дарындылығын, бейінін анықтаудағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің төмендігі.
Мүмкіндіктер: - педагог мамандардың біліктілігін арттыру курстарымен қамтамасыз етілуі; - мектептің ЖОО-мен, колледждермен, мәдени және жастар орталықтарымен тығыз әлеуметтік серіктестігі; - тәрбие мен оқу үдерісіндегі жаңашыл жобаларды ата-аналардың қолдауы; - жас мамандар қатарының толығыуы, мектеп өміріне белсене араласуы; - Lesson Study зерттеу әдісі арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау мүмкіндігінің болуы; - эксперименттік алаңдар, инновациялық жобалармен айналысу; - «Оқуға құштар мектеп», «Дебат», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр»; «Туған елге тағзым», «Әкелер кеңесі» “Педагог-волонтер”, “Репетитор оқушы”, “Білім times” т.б. жобаларын іске асыру; - оқушылардың әлемге деген толық бейнесін қалыптастыру үшін STEAM-оқытудағы пәнаралық байланыстарды және интеграцияны күшейту; - облыстық, республикалық деңгейдегі жүлдегерлердің санын арттуы; - Ұлытау облысының білім басқармасының әдістемелік орталығы, «Өрлеу» БАҰО, Педагогикалық шеберлік орталығы, Ұстаз-Ұлытау орталығы ұйымдастырған курстарға, семинарларға қатысу, ғылыми-әдістемелік көмек алу; - тәжірибе тарату, алмасу мақсатында «Ментор мектеп» жобасын іске асыру (Ұлытау ауданымен); - мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалар бойынша оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің белсенділігін арттыру; - ата-аналарды мектептің алқалық басқаруына тарту арқылы тығыз әлеуметтік серіктестік қалыптастыру;	Қауіп-қатер: - оқушы контингентінің тұрақсыздығы (жоғары уәждемесі бар оқушылардың НЗМ ДББҰ-на, БИЛ-ге, Зерделі ақылы мектебіне оқуға түсулері); - жас мамандардың өздігінен кәсіби біліктіліктерін арттыра алмауы; - олимпиадалар мен байқауларда тәжірибе жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізе алмауы; - дарынды оқушылардың бейінін дұрыс анықтай алмау; - Кәсіби бағдар беру жұмыстарының жеткіліксіздігі; - ата-ананың жауапкершілігінің төмендеуі; - оқушылардың психологиялық әлсіздігі.

Қорытындылар және шешу жолдары

Мектеп әлеуетінің дамуына теріс әсер ететін факторлар.

1. Ұжымның білікті мамандармен сирек жаңартылуы.
2. Оқушылар контингентінің азаюы.
3. Мектепшілік бақылаудың әлсіздігі.
4. Мұғалімдердің сапалық құрамының жеткіліксіздігі, 36,8% (болу керек 45%)
5. Мектептің материалдық-техникалық базасының жабдықталуы, модификациялық оқу кабинеттерінің аздығы.
6. Мектептің озат мұғалімдері өз практикаларында инновациялық технологияны пайдаланғанымен, ғылыми тұрғыдан негіздей алмауы.

Мектептің әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін факторлар.

1. Кәсіби құзыреттілікті арттыруда педагогикалық ұжымның белсенділігі байқалады (педагог қызметкерлердің 100% - ы пәндер бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті).
2. Педагогикалық шеберлік онкүндіктері, әдістемелік бірлестіктер, кафедра отырыстары үнемі өткізіліп тұрады.
3. Білім беру процесінің өзекті мәселелері бойынша мұғалімдердің шығармашылық топтарының жұмысында оң тәжірибе бар.
4. Ұжымда қолайлы әлеуметтік микроклимат құрылды.
5. Негізгі және жалпы орта білім берудің білім беру стандарттарын орындау үшін жағдайлар жасалды, жалпы білім беру сапасының мониторингі регламенті әзірленді.
6. Білім алушылар мемлекеттік қорытынды аттестаттау барысында негізгі және орта мектептің негізгі базалық пәндер бойынша курсы үшін білімдерін растайды.
7. Дарынды және ынталы балалармен жұмыс жүйесі құрылды.
8. Балалардың денсаулығын сақтау үшін жағдайлар жасалған.
9. Мектептің нормативтік жергілікті базасы құрылды.
10. Ата-аналардың мектепке, мұғалімдерге деген оң көзқарасы байқалады.
11. Мектептегі өзін-өзі басқару және ата-аналар қоғамымен өзара әрекеттесу жүйесі дамуда.

Шешу жолдары.

1. Әлеуметтік серіктестерді тарта отырып, дарынды және дарынды балалармен жұмыс тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.
2. Оқушыларға жүктемені азайту мақсатында оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттерін жүйелеу.
3. Оқушылардың білімі мен талантын дамытуға және жетілдіруге қатысу үшін мектеп мұғалімдерін тарту.
4. Жүйеде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу.
5. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту.
6. Оқушылар санын арттыру бойынша жұмысты жандандыру.

III БӨЛІМ. Бағдарламаның миссиясы және пайымы

Мектептің миссиясы – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өзін – өзі дамыта алатын зияткер тұлға даярлау.

Мектептің пайымы: Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының түлегі Қазақстан Республикасының патриоты, цифрлық құзыреттіліктерді меңгерген, икемді ойлауға және эмоционалдық интеллектіге ие, білім алуда табанды, креативті ойлай алатын, өзара

әлеуметтік әрекеттесуге дайын, жауапкершілігі жоғары, жаһандық өзгеріске бейім. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген заманауи іскер ұрпақ.

3.1 Мектеп жұмысының басым бағыттары

Мектептің стратегиялық мақсаты:

Нәтижелі білім бере отырып, педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін ұйымдастыру, оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру. Адамгершілігі мол, шығармашылық қабілеті жоғары тұлғаны тәрбиелеу.

Негізгі стратегиялық міндеттер:

- сабақтардың сапасын жаңа технологиялар талабына сай жүргізіп, оқу мен оқыту сапасын жақсарту;
- оқушылардың ақыл-ой, дене, көркемдік, рухани – адамгершілік қасиеттерін ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу;
- 4К дағдыларын қалыптастыру;
- оқушыларды бағалаудың жаңа критерийлерін қолдану;
- кәсіби желілік қоғамдастықтарды құру арқылы мұғалімдер мен басқа да педагог қызметкерлердің кәсіби тұрғыдан көшбасшылығын дамыту;
- мектеп қызметіне ата-аналарды, үкіметтік емес ұйымдарды, жергілікті атқарушы органдар мен басқа да стейкхолдерлерді тарту;
- мұғалімдердің сыныпты басқару құзыреттілігін жетілдіру арқылы барлық пәндердің берілу сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ету;
- өзін-өзі дамытуға негізделген мұғалімнің рефлексивтік қызметін ұйымдастыру;
- педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау, “Ментор мектеп” жобасы арқылы педагогтердің тәжірибесі таратылады;
- оқу-тәрбие үдерісіне өзгерістер енгізу арқылы білім сапасын арттыруға жағдай жасау;
- сындарлы оқыту арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту;
- оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарын жетілдіру;
- деңгейлік курс бітірген мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озат тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау;
- «Дарын» оқушылардың шығармашылық тобының жұмысын жетілдіру;

Күтілетін нәтиже:

Заманауи білім ресурстары мен технологияларды қолдану арқылы оқу мен оқыту сапасы жақсарып, оқушылардың функционалды сауаттылығы арттырылады, мектептегі озық тәжірибелер жинақталып таратылады.

3.2. Бағдарламаны іске асыру кезеңдерін болжау

Жоспар қолда бар жағдайларды талдау және оларды өзгерту перспективалары туралы болжамды ескере отырып, ресурстық қамтамасыз ету негізінде жасалды. Бағдарламаның стратегиялық даму жоспарын талқылаудың және қабылдаудың негізгі кезеңдері мен нысандары.

Мектептің стратегиялық даму жоспары екі кезеңде іске асырылатын болады: 2024–2026 жылдар мен 2027–2029 жылдар.

Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың кезеңдері: бірінші кезеңінде (2024–2026 жылдар) жекелеген бағыттар бойынша білім беруді дамытудың модельдерін әзірлеу мен оларды сынақтан өткізу мен байланысты жұмыстарды жүргізу көзделген. Екінші кезеңде (2027–2029 жылдар) басымдық өткен кезеңдерде алынған нәтижелерді енгізуге және таратуға бағытталған іс-шараларды іске асыру қарастырылған.

ІҮ бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

№ п/п	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			2024-2025 оқуы жылы	2025-2026 оқуы жылы	2026-2027 оқуы жылы	2027-2028 оқуы жылы	2028-2029 оқуы жылы
1 міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру							
1.	«Педагог-сарапшы», «Педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» санаттары бар педагогтердің үлесі	%	45%	47%	50%	52%	55%
2.	Пәндік курстар, проблемалық курстар, деңгейлік курстар, тренерлік курстар, тәлімгерлік курстар қатысушыларының үлесі	%	25%	30 %	33 %	35 %	37%
3.	Магистр педагогтердің үлесі	%	15%	17%	19%	21%	23%
4.	Педагогтерді салалық көтермелеу, марапаттау үлесі	%	55,5%	60%	65%	70%	75%
5.	ЖОО-мен және озық тәжірибелі білім беру мекемелерімен байланыс орнату үлесі	%	10%	20%	30%	40%	50%
2 міндет. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту							
1.	Жаңа модификациялық кабинеттері (физика, информатика, робототехника, биология, химия, кәсіби бағдар беру кабинеті)	%	25%	30%	35%	40%	45%
2.	Мектепті ағымдағы жөндеуден өткізу	%	100%	100%	100%	100%	100%
3.	Оқушылардың жатақханада тұруы үшін қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау	%	100%	100%	100%	100%	100%
4.	Мектеп тарихы музейі мен Абай музейін ашуды ұйымдастыру	%	10%	15%	20%	25%	30%
5.	Мұғалімдер кабинетін жабдықтау;	%	10%	15%	20%	25%	30%
6.	Мектептің жылу жүйесіне ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізу.	%	100%	100%	100%	100%	100%
7.	Оқушылар мен ұстаздардың тамақтану мәселесін шешу үшін буфет ұйымдастыру	%	100%	100%	100%	100%	100%
3 міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру							

1.	Оқу және оқытуды «Оқушы үні» негізінде басқару	%	30%	40%	60%	70%	80%
2.	Жетістікке жеткен оқушыларға шәкіртақы тағайындау	%	100%	100%	100%	100%	100%
3.	Әлеуметтік жобалар бойынша іс-шаралар кешенін іске асыру және оқушыларды тарту	%	40%	45%	50%	55%	60%
